

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ  
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҰРҒЫН  
ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ  
ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ



АКИМАТ  
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ ЭНЕРГЕТИКИ И  
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО  
ХОЗЯЙСТВА  
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

12.11.2024 ж.

Ақтау қаласы

№ 91-н/к

город Актау

**«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы  
2024 жылғы 29 тамыздағы №63-н/к бұйрыққа  
өзгеріс енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасына және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 43 - бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес және «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталын төлеуге мүлікті беру туралы «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» ММ 01.11.2024 жылғы №02-31/209 бұйрығының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**


1. «Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №63-н/к бұйрығымен бекітілген «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі-Серіктестік) Жарғысына осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Серіктестік заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.


3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық серіктестіктің Жалғыз қатысушысының мүдделерін білдіретін Уәкілетті органның шешімі болып табылады және оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



Б. Қартбаев





«Маңғыстау облысының энергетика және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
басқармасы» ММ

*12.11.2014 м.* № *91-4/ф* бұйрығына қосымша

**«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің жарғысына өзгерістер**

1. «МАЭК» ЖШС Жарғысының 9.3-тармағына мынадай редакцияда жазыла отырып, өзгерістер енгізілсін:

«9.3. Серіктестіктің жарғылық капиталы 20 351 773 287 (жиырма миллиард үш жүз елу бір миллион жеті жүз жетпіс үш мың екі жүз сексен жеті) теңгені құрайды».